

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 447 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 тамызда № 11861 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 28.01.2016 № 95 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың ресми жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми сайтына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 4 қаңтардағы № 1 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8287 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 20 ақпандағы № 71 (28010) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 9 шілдедегі
№ 447 бұйрығымен
бекітілген

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін біліктілік арттыру курстарына іріктеу, қабылдау, оқытуды жүргізу және қорытынды бағалау шарттарын нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) «Өзін-өзі тану» РАББ бағдарламалары бойынша білім берудің пилоттық ұйымы - «Өзін-өзі тану» РАББ-ті бірыңғай педагогикалық процеске интеграциялау бойынша ұйымдастырушы ретінде қызмет ететін өңірлердегі білім беру ұйымы;

2) педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру - бұрыннан алған кәсіби білімін, үйрете білуі мен дағдысын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны;

3) педагогикалық кеңес - білім беру ұйымын алқалы басқару нысаны;

4) сертификатталған педагог қызметкер - тиісті бағдарлама бойынша курстарда оқуды табысты аяқтаған педагог;

5) сертификатталған тренер:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі - «НЭМ» ДБҰ ПШО) мен Кембридж университетінің Білім беру факультеті бірлесіп дайындаған деңгейлік бағдарламалар және/немесе Басшылар бағдарламасы бойынша оқытудан өткен және Кембридж университетінің Халықаралық емтихан кеңесінің тиісті деңгейдегі сертификатын алған;

- «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы Адамның үйлесімді даму институты (бұдан әрі - «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ) дайындаған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру деңгейлік бағдарламалары (бұдан әрі - «Өзін-өзі тану» РАББ) бойынша оқытудан өткен және тиісті деңгейде сертификат алған педагог қызметкер.

3. Деңгейлік бағдарламалар бойынша және Басшылар бағдарламасы бойынша курстарды Қазақстан Республикасының келесі білім беру ұйымдары:

1) үшінші (базалық), екінші (негізгі), бірінші (ілгері) деңгейлердегі бағдарламалар, сондай-ақ Басшылар бағдарламасы бойынша - «НЭМ» ДБҰ ПШО және оның филиалдары;

2) үшінші (базалық), екінші (негізгі) деңгейлердегі бағдарламалар бойынша - «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Өрлеу» БАҰО» АҚ) және оның филиалы «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Республикалық білім беру жүйесі басшылығы мен ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру институты»;

3) үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдары;

4) үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша - педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары өткізеді.

4. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курстарды Қазақстан Республикасының келесі білім беру ұйымдары:

1) «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ - екінші (негізгі) деңгей және бірінші (ілгері) деңгей бағдарламалары бойынша;

2) «Өрлеу» БАҰО АҚ-ның облыстық филиалдары - үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша өткізеді.

5. Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстардың ұзақтығы:

- Бірінші (ілгері) деңгейдегі курс ұзақтығы кемінде 464 сағатты, оның ішінде:

1) аудиториялық оқыту - кемінде 200 академиялық сағатты;

2) мектептегі практика - кемінде 144 академиялық сағатты;

3) аудиториялық оқыту - кемінде 120 академиялық сағатты құрайды.

- Екінші (негізгі) деңгейдегі курс ұзақтығы кемінде 440 академиялық сағатты, оның ішінде:

1) аудиториялық оқыту - кемінде 160 академиялық сағатты;

2) мектептегі практика - кемінде 120 академиялық сағатты;

3) аудиториялық оқыту - кемінде 160 академиялық сағатты құрайды.

- Үшінші (базалық) деңгейдегі курс ұзақтығы кемінде 416 академиялық сағатты, оның ішінде:

- 1) аудиториялық оқыту - кемінде 160 академиялық сағатты;
 - 2) мектептегі практика - кемінде 96 академиялық сағатты;
 - 3) аудиториялық оқыту - кемінде 160 академиялық сағатты құрайды.
6. Басшылар бағдарламасы бойынша курс ұзақтығы кемінде 640 академиялық сағатты, оның ішінде:
- 1) аудиториялық оқытудың бірінші кезеңі - кемінде 160 академиялық сағатты;
 - 2) «Мектептегі практика» бірінші кезеңі - кемінде 80 академиялық сағатты;
 - 3) аудиториялық оқытудың екінші кезеңі - кемінде 160 академиялық сағатты;
 - 4) «Мектептегі практика» екінші кезеңі - кемінде 240 академиялық сағатты құрайды.
7. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курстардың ұзақтығы:
- Бірінші (ілгері) деңгейдегі курс ұзақтығы кемінде 440 академиялық сағатты, оның ішінде:
 - 1) «Жүректен жүрекке» бірінші кезеңі, аудиториялық оқыту - кемінде 120 академиялық сағатты;
 - 2) «Құндылықтар практикасы» екінші кезеңі, мектептегі практика - кемінде 240 академиялық сағатты;
 - 3) «Жүректен жүрекке» үшінші кезеңі, аудиториялық оқыту - кемінде 80 академиялық сағатты құрайды.
 - Екінші (негізгі) деңгейдегі курс ұзақтығы кемінде 420 академиялық сағатты, оның ішінде:
 - 1) «Жүректен жүрекке» бірінші кезеңі, аудиториялық оқыту - кемінде 160 академиялық сағатты;
 - 2) «Құндылықтар практикасы» екінші кезеңі, мектептегі практика - кемінде 180 академиялық сағатты;
 - 3) «Жүректен жүрекке» үшінші кезеңі, аудиториялық оқыту - кемінде 80 академиялық сағатты құрайды.
 - Үшінші (базалық) деңгейдегі курс ұзақтығы кемінде 420 академиялық сағатты құрайды, оның ішінде:
 - 1) «Жүректен жүрекке» бірінші кезеңі, аудиториялық оқыту - кемінде 160 академиялық сағатты;
 - 2) «Құндылықтар практикасы» екінші кезеңі, мектептегі практика - кемінде 180 академиялық сағатты;
 - 3) «Жүректен жүрекке» үшінші кезеңі, аудиториялық оқыту - кемінде 80 академиялық сағатты құрайды.
8. Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды.
9. Деңгейлік бағдарлама курстарын Кембридж университеті сарапшыларының қатысуымен «НЗМ» ДБҰ ПШО-да тиісті деңгейдегі бағдарлама бойынша даярланған, сертификатталған тренерлер жүргізеді.
10. Басшылар бағдарламасы бойынша курсты Кембридж университеті сарапшыларының қатысуымен «НЗМ» ДБҰ ПШО-да Басшылар бағдарламасы бойынша даярланған, сертификатталған тренерлер жүргізеді.
11. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курстарды «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ-да тиісті деңгей бойынша даярланған, сертификатталған тренерлер жүргізеді.
12. Сертификатталған тренерлер құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тізімі, «НЗМ» ДБҰ және «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ тізімдерінің негізінде құрылады.
13. Деңгейлік бағдарламалар бойынша курста оқуға үміткер болып табылатын педагог қызметкер білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің қарауына келесі құжаттарды ұсынады:
- 1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазылған өтініш;
 - 2) осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған деңгейлік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсына арналған сауалнама;
 - 3) өтініш берушінің жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;

- 4) лауазымы және жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан алынған анықтама;
- 5) оқу және қоғамдық өмірдегі жетістіктерді растайтын грамоталар, дипломдар, сертификаттар мен басқа да құжаттардың (бар болса) көшірмесі.

14. Білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі:

1) жыл сайын 20 қыркүйекке дейін осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстарда оқуға үміткер болып табылатын педагог қызметкерлердің құжаттарын қарайды;

2) жыл сайын 1 қазанға дейін осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Біліктілікті арттыру курстарына педагог кадрларды бағыттау туралы хаттамамен (бұдан әрі - Хаттама) ресімделген Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстарына педагог қызметкерлерді жіберу туралы шешімді аудандық (қалалық) білім бөліміне келісуге ұсынады.

15. Басшылар бағдарламасы бойынша курста оқуға үміткер болып табылатын педагог қызметкер жыл сайын 1 қазанға дейін аудандық (қалалық) білім бөлімінің қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазылған өтініш;

2) осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін ұйымдарының басшылары бағдарламасы курсына арналған сауалнама;

3) өтініш берушінің жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;

4) лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан анықтама;

5) оқу және қоғамдық өмірдегі жетістіктерді растайтын грамоталар, дипломдар, сертификаттар мен басқа да құжаттардың (бар болса) көшірмелері.

16. Аудандық (қалалық) білім бөлімі Хаттаманы жыл сайын 1 қарашаға дейін қарайды және Басшылар бағдарламасы бойынша курста оқуға үміткер болып табылатын педагог қызметкерлердің, Хаттамамен ресімделген тыңдаушылардың тізімдерін осы Нұсқаулықтың 20-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген білім беру ұйымдарын қоспағанда, облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына (бұдан әрі - ББ) бекітуге жібереді.

17. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курста оқуға үміткер болып табылатын педагог қызметкер білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогикалық қызметкерлердің «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курсына арналған сауалнама;

3) өтініш берушінің жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;

4) лауазымы және жұмыс өтілі көрсетілген жұмыс орнынан анықтама;

5) кәсіби және қоғамдық қызметіндегі жетістіктерді растайтын грамоталар, дипломдар, сертификаттар мен басқа да құжаттардың (бар болса) көшірмесі.

18. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курс тыңдаушысының кандидатурасын бекіту рәсімі келесі түрде:

1) «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курстарын оқуға үміткерлердің немесе осы Нұсқаулықтың 17-тармағында көрсетілген «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ сертификатталған тренерлер ұсынған мамандардың құжаттарын білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі жыл сайын ағымдағы жылғы 30 қыркүйекке дейін қарастырады;

2) әрбір кандидатура өз өңіріндегі «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ сертификатталған тренерінен әңгімелесу және келісуден өтеді;

3) тыңдаушының келісілген кандидатурасы 30 қазанға дейін ББ-ге жіберіледі.

19. ОББ жыл сайын 30 қарашаға дейін тыңдаушылардың тізімін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) жолдайды.

20. Министрлік курстарға оқуға үміткер педагог қызметкерлердің бекітілген тізімін (бұдан әрі - Тізім) жыл сайын 15 желтоқсанға дейін «НЗМ» ДБҰ ПШО-ға, «Өрлеу» БАҰО» АҚ-ға және «Бөбек» ҰҒПББСО АҮДИ-ға (бұдан әрі - Ұйымдар):

1) ББ бекіткен Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру ұйымдарының;

2) білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңестері бекіткен республикалық

мамандандырылған орта білім беру ұйымдарының;

3) «НЗМ» ДБҰ бекіткен Назарбаев зияткерлік мектептерінің тізімдерін жолдайды.

21. Ұйымдар Деңгейлік бағдарламалар, Басшылар бағдарламасы бойынша, «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша курстар өткізуді Ұйымдар бекіткен оқу кестесіне сәйкес келесі күнтізбелік жылдың басынан бастайды.

22. Тыңдаушыларды Курстарға қабылдау осы Нұсқаулықтың 20-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген Тізімдер негізінде біліктілік арттыру курстарын өткізетін Ұйымдар басшыларының бұйрығымен рәсімделеді.

Белгілі бір себептерге байланысты үміткердің курсты өтуге мүмкіншілігі болмаған жағдайда (денсаулық жағдайы, басқа кәсіби саладағы қызметке ауысуы және т.б.) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы мен келісімі бойынша тізімдегі тыңдаушыларды Ұйымдар алмастырады.

23. Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстарды аяқтаған соң тыңдаушылардың дайындық деңгейіне қорытынды бағалау жүргізіледі.

24. «НЗМ» ДБҰ Педагогикалық өлшемдер орталығы (бұдан әрі - «НЗМ» ДБҰ ПӨӨ) тыңдаушылардың дайындық деңгейіне қорытынды бағалауды:

1) Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстарда оқу кезеңінде дайындалған портфолио;

2) қашықтықтан оқыту кезеңінде Ұйымда өткізілген сабақтар негізінде дайындалған презентациялар;

3) тестілеу түрінде біліктілік емтиханын тапсыру (жазбаша түрде) негізінде жүргізіледі.

25. «Бөбек» ҰҒПББСО АҰДИ тыңдаушылардың дайындық деңгейіне қорытынды бағалауды аудиториялық оқыту, мектеп практикасы және ауызша түрде біліктілік емтиханын тапсыру кезеңінде дайындалған портфолия, презентациялар негізінде жүргізеді.

26. Біліктілік емтиханы өту балының шекті деңгейі: ең жоғарғы шаманың үшінші (базалық) деңгейі бойынша - 40 %, екінші (негізгі) деңгейі бойынша - 50%, бірінші (ілгері) деңгейі бойынша - 60%-ды құрайды.

27. «НЗМ» ДБҰ ПӨӨ Басшылар бағдарламасы бойынша курсты аяқтаған тыңдаушыларға қорытынды бағалауды Басшылар бағдарламасы бойынша курсты оқу кезеңінде дайындаған портфолиосы бойынша жүргізеді.

28. Қорытынды бағалаудың нәтижесі бойынша «НЗМ» ДБҰ ПӨӨ, «Бөбек» ҰҒПББСО АҰДИ сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылардың тізімін анықтайды және оны Ұйымдарға, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 20-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес тізімдерді бекіткен ұйымдарға жібереді.

29. Курстарды аяқтаған, қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға Ұйымдар тиісті бағдарламалар бойынша:

1) осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші (базалық) деңгей;

2) осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші (негізгі) деңгей;

3) осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірінші (ілгері) деңгей;

4) осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басшылар бағдарламасы;

5) осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Өзін-өзі тану» РАББ үшінші (базалық) деңгей;

6) осы Нұсқаулыққа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Өзін-өзі тану» РАББ екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгейлер бойынша сертификат береді.

30. Сертификат бағдарламаның тиісті деңгейін растайды және берілген күннен бастап 5 жыл бойы жарамды болады.

31. Көрсетілген мерзім аяқталған соң педагог қызметкерлер қайталау курстарынан өтпей-ақ бағдарлама деңгейін «НЗМ» ДБҰ ПӨӨ-да қорытынды бағалаудан өту арқылы растайды.

32. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша педагог өзінің біліктілігін «Бөбек» ҰҒПББСО АҰДИ - да (негізгі және ілгері деңгейлер) дәлелдеп немесе «Өрлеу» БАҰО АҚ - да (базалық деңгей) қайталау курсынан өтпей-ақ бағдарлама бойынша деңгейін қорытынды бағалаудан өту арқылы растайды.

33. Деңгейлік бағдарламалар бойынша сертификат ала алмаған курс тыңдаушыларына:

1) Деңгейлік бағдарламалар бойынша қайталау курстарынан өтпей-ақ бір жылда бір

реттен артық емес өз қаражаты есебінен біліктілік емтиханын қайта тапсыруға;

2) Деңгейлік бағдарламалар бойынша келесі курс тыңдаушыларымен бірге портфолионы қайта тапсыруға;

3) белгілі бір себептерге байланысты растайтын құжаттарын ұсына отырып, Деңгейлік бағдарламалар бойынша үзілген курсты аяқтауға;

4) белгілі бір себептерге байланысты ағымдағы жылдың ішінде бір лектен екінші лекке ауысуға мүмкіндіктер беріледі.

34. Басшылар бағдарламасы бойынша сертификат ала алмаған курс тыңдаушыларына:

1) Басшылар бағдарламасы бойынша қайталау курсынан өтпей-ақ бір жылда бір реттен артық емес өз қаражаты есебінен портфолионы қайта тапсыруға;

2) белгілі бір себептерге байланысты растайтын құжаттарын ұсына отырып, Басшылар бағдарламасы бойынша үзілген курсты аяқтауға мүмкіндіктер беріледі.

35. «Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламалары бойынша сертификат ала алмаған курс тыңдаушыларына:

1) қайталау курсынан өтпей-ақ бір жылда бір реттен артық емес өз қаражаты есебінен біліктілік емтиханын қайта тапсыруға;

2) курстың келесі легінің тыңдаушыларымен бірге портфолионы қайта тапсыруға;

3) белгілі бір себептерге байланысты үзілген курсты растайтын құжаттарын ұсына отырып, білім беру саласы бойынша уәкілетті орган шешімінің негізінде ағымдағы жылдың ішінде аяқтауға;

4) белгілі бір себептерге байланысты ағымдағы жылдың ішінде бір лектен екінші лекке ауысуға мүмкіндіктер беріледі.

36. Оқудан шығарылған тыңдаушылар Ұйым басшысының бұйрығына және Ұйым құрған курс тыңдаушыларының өтініштері мен арыз-шағымдарын қарау жөніндегі комиссияның шешіміне сәйкес Ұйым шығындарын өтейді.

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

нысан

Оқу орнының басшысына

(Тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Кімнен _____
тегі

аты

әкесінің аты (бар болған жағдайда)

лауазымы

ӨТІНІШ

Мен, _____
(Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары аясындағы _____ тілінде оқытылатын топта _____ деңгейдегі курсқа қатысу үшін менің кандидатурамды қарастыруыңызды сұраймын.

(қолы)

«____» _____ 20__ жыл
(өтініш берген күні)

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

нысан

Деңгейлік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарына қатысу САУАЛНАМАСЫ

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Туған күні, айы, жылы	
Лауазымы	
Білімі	
Біліктілік санаты (жарамдылық мерзімі)	
Жалпы еңбек өтілі	
Педагогикалық еңбек өтілі	
Курстарда оқу тілі	
Ақпараттық технологияларды меңгеруі	
Жарияланымдары (тақырыптары)	
Тұратын мекенжайы	
Байланыс телефондары	
e-mail	

Алдындағы біліктілікті арттыру курстары

	Курс түрі және тақырыбы	Өткізілетін орны	Курстың ұзақтығы

нысан

**Аудандық (қалалық) білім бөлімі
Біліктілікті арттыру курсына педагог қызметкерлерді жіберу
туралы хаттама**

Педагогикалық кеңестің 20__ жылғы «____» _____
№ _____ шешіміне сәйкес

_____ (Жолдаушы ұйымның атауы)

_____ деңгейдегі
бағдарлама бойынша 20__ жылғы _____ бастап
_____ аралығындағы мерзімге біліктілікті арттыру курсына

_____ (Қосымша білім беретін оқу бағдарламасын жүзеге асыратын мекеменің
атауы)

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) толығымен)

жолдама береді.

_____ «____» _____ 20__ ж.
Жіберетін ұйымның басшысы _____ МО (Қолы)

«КЕЛІСІЛДІ» _____ «____» _____ 20__ ж.
Аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшысы МО (Қолы)
Т.А.Ә (бар болған жағдайда)

«КЕЛІСІЛДІ» _____ «____» _____ 20__ ж.
Облыстардың, Астана және Алматы _____ МО (Қолы)
қалаларының білім басқармаларының
басшысы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

нысан

Аудандық (қалалық) білім бөліміне

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

н жойған

(Тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі –
Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)

Кімнен _____
тегі

_____ аты

_____ әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ лауазымы

ӨТІНІШ

Мен, _____
(Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)

_____ тілінде оқытылатын топта Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсына қатысу үшін менің кандидатурамды қарастыруыңызды сұраймын.

_____ (өтініш иесінің қолы)

«___» _____ 20__ жыл
(өтініш берген күні)

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарына қатысу САУАЛНАМАСЫ

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Туған күні, айы, жылы	
Лауазымы	
Білімі	
Біліктілік санаты (жарамдылық мерзімі)	
Жалпы еңбек өтілі	
Педагогикалық еңбек өтілі	
Курстарда оқу тілі	
Ақпараттық технологияларды меңгеруі	
Жарияланымдары (тақырыптары)	
Тұратын мекенжайы	

Байланыс телефондары	
e-mail	

Алдындағы біліктілікті арттыру курстары

	Курс түрі және тақырыбы	Өткізілетін орны	Курстың ұзақтығы

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
б-қосымша

нысан

Оқу орнының басшысына

_____ тегі, аты және әкесінің аты
(бұдан әрі - Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Кімнен _____
тегі

_____ аты

_____ әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ лауазымы

ӨТІНІШ

Мен, _____
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

_____ тілінде оқытылатын топта «Өзін-өзі тану»
рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан
Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін
арттыру курсына қатысу үшін менің кандидатурамды қарастыруыңызды
сұраймын.

_____ (өтініш иесінің қолы)

«___» _____ 20_ жыл
(өтініш берген күні)

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру

«Өзін-өзі тану» РАББ деңгейлік бағдарламасы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына қатысу САУАЛНАМАСЫ

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
Тұратын мекенжайы (облыс, қала), ұялы телефоны, электрондық поштасы	
Жұмыс орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі (бар болса)	
Педагогикалық өтілі	
Қандай тілдерді меңгерген? Қазақ тілі: лекция оқимын; сөйлесу тілін білемін; білмеймін. Орыс тілі: лекция оқимын; сөйлесу тілін білемін; білмеймін. Қосымша қандай тілдерді білесіз?	
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша курстардан өтуді не себепті қалайсыз?	
Сіздің пікіріңіз бойынша өзін-өзі тану деген не?	
Адам өз өмірінде қаншалықты ар-ұятты болу керек? Өз пікіріңізді түсіндіріңіз	
Әрқашан шындықты айту керек пе? Неге?	
Мұғалім өзі оқытатын қасиеттерді білуі керек пе? Өз пікіріңізді түсіндіріңіз	
Адамгершілік құндылықтар туралы пікіріңіз: ШЫНДЫҚ, ДҰРЫС МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ, ТЫНЫШТЫҚ, МАХАББАТ, ЕРІКСІЗ МӘЖБҮРЛЕМЕУ	
Өзін-өзі тану пәні енгізілгеннен кейін Сіздің өміріңізде өзгерістер болды ма? Не өзгерді?	
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасын іске асыруда Сіздің пікіріңіз бойынша қандай мәселелер шешімін таппады? Сіз пікіріңізше мәселені шешудің жолдары қандай?	

Алдындағы біліктілікті арттыру курстары

	Курс түрі және тақырыбы	Өткізілетін орны	Курстың ұзақтығы

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
8-қосымша

нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	УРОВНЕВЫЕ ПРОГРАММЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О.(при его наличии)

Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары аясында үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курстарын аяқтады	окончил (а) курсы обучения учителей по программе третьего (базового) уровня в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан
---	---

Ұйымның атауы _____
Наименование организации

Ұйымның жетекшісі _____
Руководитель организации

III № 000000

Берілген күні: 20__ж. «____»____ Дата выдачи: «____» ____ 20__ г.

III

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	УРОВНЕВЫЕ ПРОГРАММЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О.(при его наличии)

Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары аясында екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курстарын аяқтады	окончил (а) курсы обучения учителей по программе второго (основного) уровня в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан
---	---

Ұйымның атауы _____
Наименование организации

Ұйымның жетекшісі _____
Руководитель организации

II № 000000

Берілген күні: 20__ж. «____»____ Дата выдачи: «____» ____ 20 __ г.

II

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
10-қосымша

--	--

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	УРОВНЕВЫЕ ПРОГРАММЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О.(при его наличии)

Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары аясында бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курстарын аяқтады	окончил (а) курсы обучения учителей по программе первого (продвинутого) уровня в рамках уровней программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан
---	--

Ұйымның атауы _____
Наименование организации

Ұйымның жетекшісі _____
Руководитель организации

I № 000000

Берілген күні: 20__ж. «____»__ Дата выдачи: «____» ____ 20 __ г.

I

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
11-қосымша

нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары	Программа повышения квалификации руководителей общеобразовательных

басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы	организаций Республики Казахстан
---	-------------------------------------

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О.(при его наличии)

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша курсты аяқтады	окончил (а) курсы по Программе повышения квалификации руководителей общеобразовательных организаций Республики Казахстан
---	---

Ұйымның атауы _____
Наименование организации

Ұйымның жетекшісі _____
Руководитель организации

D № 000000

Берілген күні: 20__ж. «___»___ Дата выдачи: «___» ___ 20__ г.

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
12-қосымша

нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ
ОРТАЛЫҒЫ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ И
ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР «БӨБЕК»**

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О.(при его наличии)

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру	
---	--

бағдарламасы бойынша мұғалімдер біліктілігін арттыру деңгейлік курсына бітіріп шықты	окончил(а) уровневые курсы повышения квалификации учителей по программе нравственно-духовного образования «Самопознание»
<p>Үшінші (базалық) деңгей «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы Национальный научно-практический, образовательный и оздоровительный центр «Бобек» Ұйымның атауы Наименование организации Бас директор Генеральный директор Ұйымның жетекшісі Руководитель организации Берілген күні: Дата выдачи: 20__ж. "__"_____</p>	<p>Уровень третий (базовый) "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ АО "Национальный центр повышения квалификации "Өрлеу" Ұйымның атауы Наименование организации Басқарма төрағасы Председатель правления Ұйымның жетекшісі Руководитель организации</p>

№ 00000000

Педагог кадрлардың біліктілігін
арттыруды ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
13-қосымша

нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ
И ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР «БОБЕК»

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О.(при его наличии)

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдер біліктілігін арттыру	окончил(а) уровневые курсы повышения квалификации учителей
---	--

деңгейлік курсың бітіріп шықты.	по программе нравственно-духовного образования «Самопознание»
Деңгей _____	Уровень _____

«Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы
Национальный научно-практический, образовательный и оздоровительный
центр «Бобек»

Ұйымның атауы

Наименование организации

Бас директор
Генеральный директор

Ұйымның жетекшісі
Руководитель организации

Берілген күні:
Дата выдачи: 20__ж. " __ " _____

№ 00000000